


## Республика бойынша 2019 жылғы 8 айдағы жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай


Қазақстан Республикасында инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты болып сипатталады. 2019ж. 8 айда республика халқының арасында 22 нозология бойынша, оның ішінде А,В,С паратифамымен, обамен, пастереллезбен, дифтериямен, паралитикалық полиомиелитпен, В типті гемофильді инфекциямен, сіреспемен, Ку қызбасымен, құтырумен, висцералды лейшманиозбен ауру жағдайлары тіркелмеген.

2018 жылмен салыстырғанда жұқпалы және паразиттік 51 ауру бойынша сырқаттанушылық төмендеді, оның ішінде: иерсиния энтероколитика тудыратын энтериттер 9,5 есеге, ботулизм 3 есеге, жіті вирусты гепатит 2,2 есеге (оның ішінде АВГ 2,6 есеге, ВВГ 49,2%-ға, СВГ 23,9%, ДВГ 3 жағд.), менингококк инфекциясы 45,3%-ға, ротавирустық энтерит 43,5%-ға, желшешек 29,4%-ға, сальмонеллез 22,9%-ға, бактериялды дизентерия 7,5%-ға, ДСВТВ 15,7%-ға, туберкулез 7,4%-ға, бруцеллез 12,1%-ға, энтеробиоз 29,1%-ға, трематодоз 16,9%-ға, дерматомикоз 6,3%-ға төмендегені байқалады. (Сурет 1)



1 – сурет-Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулар төмендеуінің 2018-2019 жж. 8 аймен салыстырмалы сипаттамасы.

Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде республика бойынша мынандай сырқаттанушылық көрсеткіштері: қызылша, көкжөтел, серозды менингит, скарлатина, созылмалы вирусты гепатиттер, іріңді менингит, Конго-Қырым геморрагиялық қызба, аскаридоз **артқандығы байқалады.** (Сурет 2)



**2 – сурет-Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулар өсуінің 2018-2019 жж. 8 аймен салыстырмалы сипаттамасы.**

Талданып отырған кезеңде республика бойынша 2 қызамық, 6 сібір жарасы, сырттан әкелінген 2 тырысқақ жағдайы және безгектің бір жағдайы тіркелген.

*Жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында ауруды жұқтыру мен одан әрі дамытуға жол бермеу үшін сақтық шараларын сақтау қажет:*

- ✓ салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйықтау, таза ауада дем алу, белсенді демалыс, үйлесімді, дәруменге бай тамақтану), бұл кез келген инфекциямен күресуде организмге көмектеседі;
- ✓ сатып алынған өнімдердің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімін мұқият қадағалау қажет;
- ✓ жеке гигиена ережесін қатаң сақтау керек (тамақты дайындар алдында және тамақ ішердің алдында, жануарларды ұстағаннан кейін, дәретханаға барғаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу);
- ✓ тағам өнімдерін арнайы сатуға рұқсат етілген орындардан алу керек;
- ✓ шомылуға арналған арнайы орындарда ғана шомылу қажет;
- ✓ қайнатылған, бөтелкедегі немесе кепілдендірілген сапалы суды қолдану керек;
- ✓ тұрғын үйде үнемі тазалықты, жеке гигиенаны сақтап, балаларға қайнатылмаған сүт өнімдерін, шикі жұмыртқаны бермеу керек, тағам дайындауға тек балғын өнімдерді қолдану қажет;

- ✓ жәндіктердің шағуынан қорғау мақсатында жәндіктерді үркітетін және жоятын құралдарды (репелленттер мен Инсектицидтер) қолдану, сондай-ақ үй-жайларда міндетті түрде терезелер мен есіктерді желдету ұсынылады;
- ✓ қауіпті жұқпалы аурулар тіркелген елдерден қайтып келген кезде 21 күн ішінде өз денсаулығының жай-күйін бақылау, ал кез келген қызба ауруы, ішек инфекциясы, респираторлық немесе қандай да бір басқа симптомдар мен синдромдар туындаған кезде дереу дәрігерге бару, міндетті түрде барған мемлекеттің атауын ескерту ұсынылады.